



Кішкентай
оқырмандарға
арналған журнал

№4



БАЛАПАН

ӘЛЕМІ



БАЛАПАН



ӘЛЕМІ

№4

Қазақстан Республикасы
Ғылым және
жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің
тапсырысы бойынша
шығарылды.

Редакциялық алқа
мүшелері:

Болатов Санжар
Қапантайұлы
Шынар Қапантайқызы
Алимхан Айгүл
Әсетқызы
Болатова Айүл
Санжарқызы
Қабидоллина Құралай
Қабидоллақызы
Қабдулина Анар
Қабиденқызы
Баймурзин Мади
Охметұлы

Журнал Қазақстан Республикасы
Мәдениет және Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, 24.04.2009 жылы
№10074 Ж тіркеу куәлігі берілген.

Шығарушы:
ЖК «MediaSoft»
070016 Өскемен қаласы
Ш.Қалдаяқов көшесі 33
тел: 87054985044
e-mail: MediaSoft74@list.ru

Басуға қол қойылды:
Таралымы:
Тапсырыс:

МАЗМҰНЫ:

| | |
|-----------------------------|--------|
| Тілашар «Мен зерек баламын! | 3 бет |
| Менің Отаным - Қазақстан! | 4 бет |
| Ол кім? Бұл не? | 5 бет |
| Ойлан - тап... | 6 бет |
| Боямақтар | 7 бет |
| Ұлттық музыкалық аспаптар | 8 бет |
| Атаулы күндер | 9 бет |
| Ұлылар ұлағаты | 10 бет |
| Өлеңді жаттап аламыз | 11 бет |
| Ертегілер елінде | 12 бет |
| Сергіту жаттығулары | 13 бет |
| Жұмбақтар | 14 бет |
| Жаңылтпаштар | 15 бет |
| Сен білесің бе? | 16 бет |
| Техника тілі | 17 бет |
| Мектепке бара жатырмын | 18 бет |
| Ойнаймыз да ойнаймыз | 19 бет |
| Суреттер сөйлейді | 20 бет |
| Сурет салып үйренеміз | 21 бет |
| Суретті сөздік | 22 бет |
| Жақсы мен жаман | 23 бет |
| Ата-анаға кеңес | 24 бет |





ілашар

Мен зерек баламын.

**Бос жібермей күнімді,
Боламын мен білімді.
Әріптерді меңгеріп,
Үйренемін ғылымды.**



ТАПСЫРМА


Шаршыларда берілген әріптерге сәйкес суреттерді ата



МЕНИҢ ОТАНЫМ - ҚАЗАҚСТАН!

АҚОРДА

Арайлы таң Астанам,
Тек өзіңмен мақтанам.
«Бәйтерек» пен «Ақорда»
Жас та болса, бас қалам.



Егемен Қазақстанның жаңа астанасында көркемдік маңызы мен ауқымы жөнінен қала орталығының бірегей сәулеттік ансамблі бой көтерді. Оның құрамындағы ең басты туынды – Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы.

Резиденция қала құрылысы ансамблінің композициялық және мазмұндық орталығы болып саналады.



76 жыл тамақтанбаған қария



1928 жылы Үндістанда Прахлад Джани есімді бала дүниеге келді. 7 жасына дейін оның басқа балалардан еш айырмашылығы болған жоқ. Бірақ, 7 жастан асқаннан кейін ол тамақ жеп, су ішуді қойған. Бір қызығы, тамақ ішпесе де, Прахлад Джанидің денсаулығында ешқандай өзгеріс байқалмаған. Ол соңғы рет 11 жасында тамақтаныпты

ОЛ КІМ?



ЕҢ ҚЫМБАТ БАЛМҰЗДАҚ

Бұрында балмұздақ, бай адамдардың ғана тағамы болған.

Ал қазіргі таңда, ол әрбір адам үшін қол жетімді.

Көпшілік білмейтін ерекше фактілерді ұсынамыз.

Ең қымбат балмұздақ – «Алтын» деп аталады.

Ол АҚШ-та сатылады және оның бағасы – 1000 доллар.

БҰЛ НЕ?




Ойлан - тап!



Мына 5 суреттің ішінен
артық 2 суретті көрсет.



Бос орынға қай суретті қоямыз?




Ойыншық неше
бөліктен құралған?



БОЯМАҚТАР



Кәрі қасқыр,
Қырдан асты.
Күші бітіп,
Уайым басты.



Қоян секең қағады,
Сәбізді іздеп табады.
Үйшігіне барады,
Ауқаттанып алады.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Қазақтың ұлттық аспаптары дыбыс ерекшелігіне қарай ішекті-шертпелі, үрмелі, ұрмалы деп бөлінеді.

Ішекті-шертпелі аспаптарға домбыра, жетіген, шертер, қылқобыз жатады.

Үрмелі аспаптар – қамысты қос сырнай, саз сырнай, үскірік, тастауық, керней, сыбызғы.

Ұрмалы аспаптар қатарында кепшік, даңғыра, дабыл, дауылпаз, шыңдауыл, асатаяқ, қоңырау бар.



Атаулы күндер

1 маусым

Балаларды қорғау күні




1
маусым
балаларды
қорғау
күні!



6
шілде
Астана
күні!



Ұлылар ұлағаты



Абай Құнанбайұлы

Абай Құнанбайұлы (1845-1904) – ұлы ақын, жазушы, қоғам қайраткері, ағартушы, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы. Абай халықтың таным көзжиегін кеңейтуге ықпал ету үшін шығыс және батыс мәдениеттерін жан-жақты зерттеп, олардың үздік үлгілерімен таныстырып отырды.

Ұлы Абайдың Қара сөздері – педагогикалық (тәрбиелік) тұжырымдар, олар қазақ ұлттық педагогикасына қағба-бағдар ретінде енді. Абай өлеңдері еңбекке, ғылымды сүйеге, өнерге, адамгершілікке тәрбиелейді. Абай тұлғасы – отандық мәдениет пен әдебиетте салмақты орын алады.

Абайдың шығармалары көптеген өзге тілдерге аударылып, әлем халықтарының жоғары бағасына ие болды. Библиографияда ақынның Қара сөздерінің орыс, ағылшын, тәжік, қытай, неміс тілдеріне аудармалары, сондай-ақ түрік тіліндегі таңдамалы шығармалары, араб тіліндегі өлеңдері қамтылған.



Өленді жаттап аламыз

Мен қалада тұрамын,
Көп қабатты үй тұрағым.
Саябақта, көшеде
Сауық-сайран құрамын.



Ертегілер елінде



Қоянның зары

Қоянның зары

Бір қоян жылап отырып сөйлейді: – Дүниеде мендей сорлы жоқ. Бәрі де менің соңымда – аңшы да, ит те, қасқыр да, түлкі де, қаршыға да, бадырақ көз жапалақ та, ақымақ қарға да менің балаларымды тасиды. Қорғанарға қаруым жоқ. Тиынша ағашқа шыға алмаймын. Тышқанша ін де қаза алмаймын. Тісім өткір, бірақ тістеуге батылым жетпейді. Қорқақтық болмаса, дүниеде жүгіруге де болар еді. Бір дыбыс есітсем құлағым тікірейіп, жүрегім лүпілдеп, шапшаң жүгіре бастаймын, мені тез қуып жете алмайды, құйрығымның қысқалығы да жақсы. Итке ұстауға болмайды. Бұлардан да пайда жоқ, бір жыл болмай мені ұстап өлтіреді. Терімді сойып алады, етімді жейді, сүйегімді итке тастайды.



Сергіту жаттығулары



**Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Бетінді жушы,
Қолыңды сүртші,
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы,
Киіміңді киші,
Мектепке қарай жүрші,
Орныға отыршы,
Сабағыңды оқышы**



ЖҰМБАҚТАР

Жіп - жіңішке денесі,
Ортасында шегесі.



Жазу жазып жалықпаған,
Жаза - жаза арықтаған.



Білімнен мол сый - асы,
Балғындардың ұясы.

ЖАҢЫЛТПАШТАР

Ғарышкер ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкер.
Айтшы, ғарыш алыс па?



Ықылас пен Ыбырай
Ыдыстарын тасымай,
Ырыскүлден үлгі алмай,
Ынтасыз жүр тілді алмай.

Қапыда ит қапты,
Қатты қапты,
Қапты қатты.



Сен білесің бе?



. Ұлыбританияда конституция жоқ.

Ең суық астана – Улан-Батор.

Сауд Арабиясында бірде-бір өзен жоқ.

Рим атты қала барлық континентте бар.


Территориясында шөлі жоқ Таяу Шығыстағы ел – Ливан.

Шөлі жоқ жалғыз құрлық – Еуропа.

Ең биік 25 шыңның он тоғызы Гималайда.



ТЕХНИКА ТІЛІ



Ұйқының бұзылуын түзетуге арналған құрылғы Pegasi smart glasses II, қара Мазасыздық өмірді бұзады және ұйқының сапасына нашар әсер етеді.

Бірақ оны инновациялық Жарық терапиясына арналған көзілдірік гаджетімен жақсартуға болады.

Ақылды құрылғы ұйқының бұзылуын түзетеді, сонымен бірге депрессия мен стресспен күресуге көмектеседі.

Бірнеше сеанстан кейін сіз әсерді сезінесіз-ұйқы мен ояту циклдары қалпына келеді, жалпы денсаулық жақсарады және өнімділік жақсарады.



Мектепке бара жатырмын



Менің атым - Айым.
Мен биыл балабақшамен қоштасып,
мектепке барамын.
Барлық әріптерді білемін және
100 ге дейін санай аламын.
Мектепте өте жақсы оқушы боламын.


ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...

КӨЛЕҢКЕСІН ТАП




ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...


БАТЫРҒА КӨМЕКТЕС



ҚОҢҒА СӘБІЗДІ АЛЫП БЕР



СУРЕТ САЛЫП ҮЙРЕНЕМИЗ



Суреттер сөйлейді



Тапсырма

Суреттерге қарап,
әңгіме құрастыр



СУРЕТТІ СӨЗДІК



Тағамдар

Нан
Хлеб



Қант
Сахар



Май
Масло

Сүт
Молоко



Шұжық
Колбаса



Ірімшік
Сыр

Ет
Мясо



Бал
Мёд



Кішкентай
оқырмандарға
арналған журнал

Құрметті, Ата-аналар!
Бала тәрбиесі - ата-ана үшін
үлкен жауапты міндет.
Жас шыбық иілгіш болса,
жас бала да сондай жақсыға да,
жаманға да бірдей бейім болатыны мәлім.
Қазақта: «Баланың бас ұстазы – ата-анасы»,
- деген сөз бар.
Сондықтан, «Балапан әлемі» журналын
балаңызбен бірге оқып,
мәтіндер мен тапсырмалардың мағыналарын
түсіндіріп беруіңізді сұраймыз.
Бұл журнал сіздің балаңызға арналады.

№4



БАЛАПАН
ӘЛЕМІ